

**Браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресу
жөнінде облыстық комиссия құру туралы**

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2002 жылғы 27 наурыздағы N 138 қаулысы.
Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 23 сәуірде N 935 тіркелді.
Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2003 жылғы 10 сәуірдегі № 186
қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 10.04.2003 № 186
қаулысымен .*

*ҚР Атырау облысы Әділет департаментінің 2006 жылғы 18 қазан 3-3333/06
хатынан үзінді :*

*Атырау облыстық Әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік
құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және
Қазақстан Республикасы өділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді
тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес,
Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы"
Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік
құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу
үшін , ж о л д а й д ы .*

қ о с ы м ш а 2 б е т т е .

А О Ә Д б а с т ы ғы
қ о с ы м ш а :

**1) Атырау облыстық әкімиятының 2002 жылғы 27 наурыздағы N 138
"Браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресу
жөнінде облыстық комиссия құру туралы" қаулысы (Атырау облыстық Әділет
департаментінде 2002 жылғы 23 сәуірдегі N 935 тіркелді).**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 377
U000377_ "Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін
жетілдіру шаралары туралы" Жарлығының және облыс әкімінің 2001 жылғы 17
қаңтардағы N 25 "2001-2002 жылдарға арналған қылмыстылықпен күресудің
облыстық бағдарламасын және оны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспарын
бекіту туралы", атқарушы, құқық қорғау және басқа мүдделі мемлекеттік
органдар қызметін үйлестіруді жақсарту, "Қазақстан Республикасындағы
жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148_ Қазақстан Республикасы
Заңының 27-бабын басшылыққа ала отырып, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресу жөнінде облыстық комиссия құрылсын (ілгері қарай - Комиссия).
2. Комиссия туралы Ереже бекітілсін (N 1 қосымша).
3. Комиссияның құрамы бекітілсін (N 2 қосымша).
4. Комиссияның жұмысшы органы болып ауыл және балық шаруашылығы департаментінің балық бөлімі белгіленсін.
5. Облыс әкімінің 2001 жылғы 22 тамыздағы N 280 "Браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресу жөнінде облыстық Комиссия құру туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Қ. И щ а н о в қ а жү к т е л с і н .

Облыс әкімінің міндетін
атқарушы

Облыс әкімиятының 2002 жылғы 27 наурыздағы N 138 қаулысына N 1
қ о с ы м ш а

Браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресу жөніндегі облыстық Комиссия туралы Ереже

1. Жалпы мәліметтер

1.1. Браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресу жөніндегі облыстық Комиссия (ілгері қарай-Комиссия) консультативтік-кеңесші орган болып табылады және атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың жануарлар әлемін қорғау және пайдалану, сонымен бірге браконьерлікпен күресті ұйымдастыру мәселелері бойынша қызметін ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету үшін құрылған.

1.2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына және заңдарына, ел Президенті мен Үкіметінің актілеріне, облыс әкімі шешімдері мен өкімдеріне, сонымен бірге осы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Комиссия құрамын облыс әкімияты белгілейді және бекітеді.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

2.1. Комиссияның негізгі міндеттері болып табылады:

1) атқарушы, құқық қорғау, табиғат қорғау және облыстық басқа мемлекеттік органдардың браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық

үйлестіру қызметін қамтамасыз ету;

2) облыстағы браконьерлікпен күрестің қылмыстық жағдайын талдау, браконьерлікпен күресті күшейту жөніндегі жоспарлар мен іс-шараларды қарау және бекіту;

3) ішкі істер, прокуратура, балық қорғау, Ұлттық қауіпсіздік, салық және кеден қызметі, қаржы полициясы органдарының браконьерлікпен күресу жөніндегі қызметін қорытындылау;

4) Браконьерлікпен күресу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының, ел Президенті мен Үкіметі актілерінің, облыс әкімі шешімдері мен әкімдерінің, облыс әкімияты қаулыларының атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдарының атқару жағдайын зерделеу;

5) атқарушы, құқық қорғау, табиғат қорғау және басқа мемлекеттік органдарға жануарлар әлемі қорғау және пайдалану, браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресті ұйымдастыру мәселелері жөнінде ұсыныстар дайындау.

3. Комиссияның функциялары

3.1. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Комиссия мәжілістерінде облыстық атқарушы, құқық қорғау және табиғат қорғау органдарының браконьерлікпен күресті ұйымдастыру жөнін қарайды;

2) атқарушы, құқық қорғау, табиғат қорғау және басқа мемлекеттік органдар басшыларының браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресті ұйымдастыру жөніндегі есептерін тыңдайды;

3) браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күрестің тиімділігін арттыру жөнінде нұсқаулықтар әзірлейді;

4) Орал-Каспий су айдынындағы кемелер мен шығын мөлшердегі флот қозғалысының тәртібін дайындайды;

5) Комиссия құзыретіне жататын басқа функцияларды жүзеге асырады.

4. Комиссияның өкілеттіктері

4.1. Негізгі міндеттері мен өз функцияларын жүзеге асыру кезінде Комиссияның мынадай құқықтары бар:

1) атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардан жұмыс үшін қажетті ақпараттар, құжаттар және материалдар сұрауға және алуға;

2) балық ресурстарын қорғау және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресті ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар әзірлеуге;

3) құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдар қызметкерлерін Комиссия мәжілісінде қарауға материалдар дайындауға қатыстыруға.

5. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

5.1. Комиссия жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Комиссия мәжілістері қажет болған жағдайда, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес жиілікте өткізіледі. Комиссия мәжілістері төрағаның, болмаса оның тапсырмасымен мүшелерінің бірінің басшылығымен өткізіледі.

5.2. Мәжіліс Комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

5.3. Комиссия шешімдері қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады, олар хаттамамен ресімделеді және оны Төраға бекітеді.

Облыс әкімиятының 2002 жылғы 27 наурыздағы N 138 қаулысына N 2 қосымша
--

Браконьерлікпен және балық қорына қылмыстық қол сұғушылықпен күресу жөніндегі облыстық Комиссия құрамы

1. Ишанов Қайрат Қыдырбайұлы - облыс әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы ;

2. Исабеков Ақжігіт Қалтайұлы - Атырау облысы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің бастығы, төрағасының орынбасары (келісімі бойынша) ;

3. Хайдар Халмұрат Саламатұлы - Атырау облысы ішкі істер басқармасының бастығы, төрағасының орынбасары ;

4. Қадимов Ерболат Латипұлы - ауыл және балық шаруашылығы департаменті директорының орынбасары, комиссия хатшысы; Комиссия мүшелері :

5. Ақботин Әділхан Мұғалимұлы - биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік Каспий аймақтық мекемесінің бастығы;

6. Арыстанов Қадыржан Бақтығалиұлы - Атырау облысы бойынша ауыл және балық шаруашылығы департаментінің директоры;

7. Әлиев Асқар Асылханұлы - Атырау облысы бойынша қаржы полициясының бастығы (келісімі бойынша);

8. Дүйсебаев Сержан Дәмебайұлы - Атырау облысы бойынша кеден басқармасының бастығы ;

9. Жарылғасов Әспенби Жолдасұлы - облыс әкімі аппараты басшысының

орынбасары, мемлекеттік-құқықтық және әскери-жұмылдыру бөлімінің
м е н г е р у ш і с і ;

10. Жөргенбаев Мұхтар Әкебайұлы - Атырау облысының прокуроры (келісімі
б о й ы н ш а) ;

11. Көжеғалиев Роберт Халитұлы - Атырау шекара отрядының командирі;

12. Көргенов Махмұд Көргенұлы - ерекше күзетілетін аймақтардың
жануарлар және өсімдік әлемін мемлекеттік бақылау,
қорғау, ұдайы өндіру және тиімді пайдалану басқармасының бастығы;

13. Таубаев Бақтыбек Жұбандықұлы - Атырау облысы бойынша орман және
биоресурстар жөніндегі аумақтық басқарма бастығы.

(М а м а н : Е р ж а н о в а К . С .)